«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

14.10.2026 № 63-НҚ

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

город Кызылорда

«Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілері арқылы беру, сарқынды суларды бұру және тазарту қызметтеріне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 2-тармағының 2) тармақшаларына, 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жыл бойынша амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатқа сай емес пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі ескеріле отырып келесі қаражат мөлшерінде, оның ішінде: *суды таратушы желілер арқылы беру қызметі бойынша* - 351 464,62 мың теңгені, *сарқынды суды бұру және тазарту қызметі бойынша*- 49 663,79 мың теңгені тұтынушыларға қайтару мақсатында «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына *2026 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2027 жылғы 30 қараша* аралығына суды таратушы желілері арқылы беру және сарқынды суларды бұру және тазарту қызметтеріне уақытша өтемдік тарифтер, осы бұйрыққа берілген 1, 2 және 3 - қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру және тазарту қызметтеріне ұзақ мерзімді кезеңге тарифтері және тарифтік сметасын, суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін төлем ақы мөлшерін бекіту туралы» 2025 жылғы 14 ақпандағы №4-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2025 жылғы 18 мамырдағы №22-НҚ бұйрығының қолдану мерзімі осы бұйрықтың қолдану кезеңінде тоқтатылсын.

3. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі (Ұ. Абдықалық) осы бұйрықты «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

000092

4. «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарифтің өзгертілгені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына тариф күшіне енгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысының орынбасары З. Сардарбекке жүктелсін.

6. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2 - тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **А. Абдрайхан**

*** ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТЫҢ КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС ҚОЛЫ